



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің органдары жүйесінің азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 698 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 2 ақпанда № 12971 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұйрық 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139-бабының
5 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің органдары жүйесінің азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кадр қызметі департаменті (Омарова Г.) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он жұмыс күні ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сонымен бірге Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялануға оның жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қалыптасқан құқықтық қатынастарға қатысты таралады.

Министр

Б. Сұлтанов

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у ж ә н е
ә л е у м е т т і к д а м у М и н и с т р і н і ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы

Е. Біртанов

2015 жылғы 31 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2015 жылғы 28 желтоқсандағы
 № 698 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің органдары жүйесінің
 азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімі**

Ескерту. Тізілімге өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 17.08.2016 № 447 бұйрығымен.

А БЛОКТЫ - БАСҚАРУ ПЕРСОНАЛ

Буыны	Функционалдық блок сатысы	Лауазымдар атауы
A1	1	«Байқоңырбаланс» мемлекеттік мекемесінің басшысы
A1	1-1	«Байқоңырбаланс» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары
A3	1	«Байқоңырбаланс» мемлекеттік мекемесі бөлімінің басшысы

В БЛОГЫ – НЕГІЗГІ ПЕРСОНАЛ

Буыны	Функционалдық блок сатысы	Лауазымдар атауы
B1	5	«Байқоңырбаланс» мемлекеттік мекемесінің сарапшы-талдаушы

С БЛОГЫ - ӘКІМШІЛІК ПЕРСОНАЛ

Буыны	Функционалдық блок сатысы	Лауазымдар атауы
C1		Шаруашылық бөлімшенің меңгерушісі: қойманы, шаруашылықты, гаражды
C2		Әкімшілік функцияларды орындайтын біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: бухгалтер, экономист, кадр жөніндегі инспектор, ветеринарлық дәрігер, барлық мамандықтар инженері, бағдарламалаушы, аудармашы
C3		Әкімшілік функцияларды орындайтын біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар: бухгалтер, экономист, кадр жөніндегі инспектор, ветеринарлық фельдшер, барлық мамандықтар инженері, бағдарламалаушы, аудармашы, зертханашы.

Д БЛОГЫ - КӨМЕКШІ ПЕРСОНАЛ

Буыны	Функционалдық блок сатысы	Лауазымдар атауы
D		Техникалық орындаушылар: мұрағатшы, іс жүргізуші, комендант, оператор (компьютерлік техника, көшірме машиналар, компьютерлік құрылымдарға, байланыс жүйелеріне қызмет көрсету), кассир, хатшы